



10 ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қанипа Бітібаева атындағы республикалық ғылыми-әдістемелік зерттеу орталығы ұйымдастырған "Білім беру басшыларының үздік орынбасары" республикалық кәсіби байқауына Жамбыл жоғары медициналық колледжі директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Қуанышбекова қатысып, үздік нәтиже үшін І Дәрежелі Дипломымен марапатталды. Сондай-ақ, республикалық басылымға тегін мақала жариялау үшін 1 жыл мерзіміне Сертификат берілді.



"SENIM" Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы" РҚБ-нің Жамбыл облыстық филиалы. 5 қазан - Ұстаздар күні мерекесіне орай білім беру және денсаулық сақтау саласындағы адал еңбегі мен кәсіподақ қозғалысының нығаюына қосқан үлесі үшін Жамбыл жоғары медициналық колледжінің оқытушылары Д.Б.Уркимбаева, А.О.Бейсембаева Құрмет Грамотасымен, Қ.Н.Түлегенова, А.Б.Султанаева Алғыс хатпен, АМАНАТ партиясының бастамалары мен жобаларын жүзеге асыруға қосқан елеулі үлесі мен өскелең ұрпаққа сапалы білім беру жолындағы еселі еңбегі үшін және "Мұғалім күні" кәсіби мерекесіне орай колледж оқытушылары Н.Ж.Абдраимова, А.С.Ташмағанбетова, Г.Қ.Сарыбаева, А.Т.Рахметілдаева, С.М.Реймбаева Құрмет Грамотасымен марапатталды.



Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы. Педагог қызметкерлердің Тамыз кеңесіне орай білім беру саласына қосқан елеулі үлесі үшін колледждің дене шынықтыру пәнінің оқытушысы М.Т.Досжанова Құрмет Грамотасымен марапатталды.



12 тамыз - Халықаралық жастар күні мерекесіне орай, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің Жастар ісі жөніндегі инспекторы Данияр Ерболатұлы Тараз қаласының әкімі Б.Орынбековтың Алғыс хатымен марапатталды.



Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт министрлігі Жамбыл облысы әкімдігі. Қазақстан Республикасының VI-жазғы Спартакиадасының салтанатты ашылуы рәсімін жоғары деңгейде ұйымдастырып, өткізуде белсенділік танытқаныңыз үшін Алғыс хатпен марапатталды.



Колледжде №1 жалпы білім беру және жаратылыстану пәндерінің циклдық әдістемелік комиссиясының төрайымы, «Физика» пәнінің оқытушысы, педагог-зерттеуші Р.К.Турсынбаева «Техникалық және кәсіптік білім беру ісінің үздігі» құрмет дипломымен марапатталды.



Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі "Ахмет Байтұрсынұлы атындағы "Талдау" ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы" АҚ Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингінде тест өткізуші ретінде қатысқаны үшін колледж оқытушылары: Н.Ж.Абдраимова, А.С.Атамбаева, Г.Н.Джантохова, Г.Ж.Иманалиева, Б.А.Сагиндыкова, Р.К.Тұрсынбаева, Б.Ә.Қырықбаева Алғыс хаттармен марапатталды.



"Өркениет" шығармашылық орталығы. Республикалық "Білім өркениеті" журналының 2023 жылы тамыз айындағы №31 санында әдістемелік ізденісі мен кәсіби белсенділігін көрсеткені үшін колледж оқытушысы Ж.Ш.Жұмағазы Құрмет грамотасымен марапатталды. Сондай ақ, "Ш.Мұртаза" Тәуекел той" әңгімесі" материалы жарияланғаны үшін Сертификат берілді.

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

- 1 | 1 ҚЫРКҮЙЕК - БІЛІМ КҮНІ**
2023-2024 оқу жылы 1 қыркүйек - Білім күніне арналған «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тақырыбында салтанатты жиын.
- 2 | ЖАС МАМАНДАР ОТЫРЫСЫ**
2023-2024 оқу жылында келген жас мамандарға арналған "Жарқын болашақ иесі - бүгінгі жас маман" тақырыбында жас мамандар отырысы.
- 3 | "МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ - ЗАМАННЫҢ ЗАҢҒАР ТҰЛҒАСЫ" ТАҚЫРЫБЫНДА ДИКТАНТ ЖАЗУ**
05.08.2023 ж. мемлекеттік тілде жалпықазақстандық «Мағжан Жұмабаев – заманның заңғар тұлғасы» тақырыбында қызметкерлер, оқытушылар және студенттер арасында ашық диктант жазу.
- 4 | ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Қ.К. ТОҚАЕВТЫҢ ХАЛЫҚҚА ЖОЛДАУЫ**
Колледж ұжымы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Қазақстандықтарға жасалған Жолдауын тікелей эфирден тыңдалды.
- 5 | 1 ҚАЗАН - ҚАРТТАР КҮНІ**
01.09.2023ж.1 қазан - «Қарттар күні» мерекесіне орай «Киелі мекенім мен қазыналы қарттарыма тағзым!» тақырыбында колледждің ардагер ұстаздарын құттықтады.
- 6 | 5-ҚАЗАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰСТАЗДАР КҮНІ**
04.10.2023 ж Халықаралық ұстаздар күніне орай тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Ұстаз болу – жүректің бағырлығы, Ұстаз болу - сезімнің ақылдығы» тақырыбында салтанатты концерт.
- 7 | КЕЗДЕСУ**
7 қыркүйек - «Еңбек күні» мерекесіне орай «Менің жетістігім-менің нәтижем» тақырыбында колледждің физика пәнінің оқытушысы Р.К.Турсынбаевамен кездесу.
- 8 | "ОҚУ МЕН ТӘРБИЕ ЕГІЗ" АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ**
«Оқу мен тәрбие-егіз» тақырыбында ата-аналар жиналысы.
- 9 | ҚАЛАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ**
«Тараз қаласы: өткені мен бүгіні» атты қалалық ғылыми – тәжірибелік конференция.
- 10 | ҚҰТТЫҚТАУ!!!**
Колледж оқытушылары мен студенттерінің жетістіктері.



1 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС



«Жылдың үздік ұстазы» атты Республикалық байқауына колледж оқытушысы З.С. Ескебекова қатысып, жеңімпаз атанып, «Жылдың үздік ұстазы» төс белгісі мен марапатталды.

Болашақ мамандарға білім мен тәрбие берудегі жетістіктері мен колледждегі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны, Әдістемелік мектептің «Ұлағатты ұстаздардан үлгі аламыз» атты қорытынды есеп беру кешінде мәнді шығармашылық жұмыс көрсеткені үшін колледж оқытушылары А.Р.Байбулекова; Н.Б. Бердіш, А.К. Коконбаева, Г.С. Токкулиева, А.Б. Амангелдиева, Н.А. Касымов Мақтау қағазымен марапатталды.

Болашақ мамандарға білім мен тәрбие берудегі жетістіктері және жас маманға үздік әдістемелік көмек көрсетудегі еңбегі үшін Әдістемелік мектептің ұйымдастыруымен өткізілген «Ұлағатты ұстаздардан үлгі аламыз!» атты қорытынды есеп беру кешінде Б.С. Мадимарова, Н.Ж. Абдраимова, Э.Ж. Кудебаева, Ж.Р. Алтынбекова, Н.Е. Джампеисова, А.А. Бөпеева, Ұ.Е. Дүйсембаева, А.Т.

Кобегенова, О.А. Махамбетова, Р.Д. Мухажанова, А.Н. Өскенбаева, А.Т. Парманова, Л.Б. Саурбаева, А.С. Ташмағанбетова, Ж.А. Тоқташова Алғыс хатпен марапатталды

«SENIM» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ Жамбыл облыстық филиалының Құрмет грамотасымен колледж оқытушылары Э.Ж. Кудебаева, Р.Т. Нурбаева, С.Г. Бибосынова, А.Қ. Баєтова, Б.Б. Блейменова, Ж.С.Жарасова Ф.Д.Тұрмысова, А.Д. Бахаева, М.Т.Досжанова, Ш.М. Нурпейсова марапатталды.

«Ұлттық денсаулық сақтау палатасы» жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бірлестігінің Жамбыл облысы бойынша филиалы Құрмет грамотасымен колледж оқытушылары Ф.Д. Серкебаева А.К., Даулетов А.М., Джантасова Р.О., Ералиев М.Л. марапатталды.

2019-2020 оқу жылының қорытындысы бойынша орта буын

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

2 | ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖАС МАМАН!

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

4 | БЕЛСЕНДІ ӨМІР - ҰЗАҚ ҒҰМЫР

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

6 | МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСПТІК МЕРЕКЕСІ

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

8 | МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСПТІК МЕРЕКЕСІ

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

1 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

3 | ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗ БАҒАЛАУ

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

5 | МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСПТІК МЕРЕКЕСІ

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

7 | МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСПТІК МЕРЕКЕСІ


1 | 1 ҚЫРКҮЙЕК - БІЛІМ КҮНІ

01.09.2023 ж. Колледжде 2023-2024 оқу жылы 1қыркүйек - Білім күніне арналған «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тақырыбында салтанатты жиын өткізді. Салтанатты жиынды колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова жаңа қабылданған студенттерді құттықтау сөзімен ашып, студенттерді сапалы білім мен өнегелі тәрбие алуға шақырды. Салтанатты жиын қонағы Әділдік жолы республикалық қоғамдық бірлестігінің Жамбыл облысы бойынша филиал басшысы, Жамбыл адалдық алаңы жобалық кеңесінің жетекшісі Н.Д.Жұбандықова қатысып, адалдық дәрісін оқыды және студенттерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Салтанатты жиыннан кейін топ кураторлары жаңа қабылданған студенттерді колледждің тыңыс-тіршілігімен таныстырып, тәрбие сағаттарын өткізді.



2 | ЖАС МАМАНДАР ОТЫРЫСЫ

19.09.2023 ж. Оқу-әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен 2023-2024 оқу жылында келген жас мамандарға арналған "Жарқын болашақ иесі - бүгінгі жас маман" тақырыбында әдістемелік көмек көрсету, бағыт-бағдар беру мақсатында "Жас мамандар мектебінің отырысы" өтті. 1. Жас мамандарды және педагог-тәлімгерлерді таныстыру. Педагог тұлғасына қойылатын талаптар. Жауапты: оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Л.К.Мейірманова. 2. Теориялық және тәжірибелік сабақтың жоспарын құрастыру бойынша практикum. Жауаптылар: ЦӘК жетекшілері А.К.Серкебаева, Б.Б.Блейменова. 3. Нормативтік құжаттармен таныстыру. (Журнал толтыруды түсіндіру). Жауапты: офис-регистратор бөлімінің басшысы С.Г.Бибосынова. 4. Жас мамандарға On-line режимінде оқыту барысы бойынша әдістемелік көмек көрсету. Жауапты: офис-регистратор бөлімінің әдіскері М.Ж.Жакипова.



3 | "МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ-ЗАМАННЫҢ ЗАҢҒАР ТҮЛҒАСЫ" ТАҚЫРЫБЫНДА ДИКТАНТ ЖАЗУ

05.09.2023 ж. «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өткізу аясында колледжде 2023 жылдың 5 қыркүйек күні сағат 11:00-де мемлекеттік тілде жалпықазақстандық «Мағжан Жұмабаев – заманның заңғар тұлғасы» тақырыбында қызметкерлер, оқытушылар және студенттер арасында ашық диктант алынды. Жауапты: №1 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушылары.



4 | ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Қ.ҚОҚАЕВТЫҢ ХАЛЫҚҚА ЖОЛДАУЫ

01.09.2023 ж. Колледж ұжымы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Қазақстандықтарға жасалған Жолдауы тікелей эфирден тыңдалды. Колледж ұжымы жолдауды толықтай тыңдап, талқылады. Қ.К. Тоқаев жолдаудағы алғашқы сөзін «Бүгінде менің бастамаларымның басым көпшілігі жүзеге асты, Бірқатар жұмыс жалғасып жатыр. Осы орайда халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер еткен кейбір шараларды атап өткім келеді. Мысалы, 2020 жылдан бері мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті» - деп бастады, шынымен мұғалім мәртебесін арттырған президентімізге алғысымызды білдіре отырып алдағы уақытта болатын жағымды өзгерістерге дайын екенімізді сезініп отырдық. Өзгеріс елімізді өркендеу мен жаһандануға әкелетініне сенеміз. Колледж ұжымы жолдауды ерекше көңілмен қабылдай отырып, қазақстандықтардың одан әрі дамытуға бағытталған Президенттің саясатын толықтай қолдайды.



07.09.2023 ж. Колледжде Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауын насихаттау мақсатында «Мейіргер ісі» бөлімі 101М-9/23, 102М-9/23, 105М-9/23, 106М-9/23 топ студенттерімен танымдық сағаты өткізілді. Жолдауда білім беру саласы мен денсаулық сақтау саласы бойынша көптеген мәселелерді атап өтті. «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынатындығы, қазір ауылдық жерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатқандығы айтылды. «Ұлттық қор – балаларға» жобасы қолға алынып, соның арқасында жаңа 2024 ж. бастап балалардың есепшотына қаражат түсе бастайтындығы хабарланды. Жауапты: №1 әлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдік әдістемелік комиссиясы оқытушысы Г.Н.Жантохова.



11.09.2023 ж. Колледжде "Coworking" оқу орталығында кітапханашылардың ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты жолдауын насихаттау бағытында 101, 102 топ студенттерімен семинар өтті.



5 | 1 ҚАЗАН - ҚАРТТАР КҮНІ

01.09.2023ж. Колледжде 1 қазан - «Қарттар күні» мерекесіне орай Киелі мекенім мен қазыналы қарттарыма тағзым!» тақырыбында колледждің ардагер ұстаздарын құттықтау іс-шарасы колледж әкімшілігі, кәсіподақ ұйымы және №2 ЦӘК арнайы пәндер оқытушыларының ұйымдастыруымен өткізілді. Іс-шара барысында ардагерлерге «Қарахан баба», «Айша-бibi», «Тектұрмас» кесенелеріне саяхат және концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Концерттік бағдарлама кезінде ардагерлерге мерекелік дастархан жайылып, құттықтау тілектер айтылды, ән шашу арналды.



6 | 5 ҚАЗАН - ҰСТАЗДАР КҮНІ

04.10. 2023 ж Халықаралық ұстаздар күніне орай тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Ұстаз болу – жүректің батырлығы, Ұстаз болу — сезімнің ақылдығы» тақырыбында салтанатты концерт өтті. Салтанатты құттықтауда колледж директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т. Қуанышбекова ұстаздар қауымын төл мерекелерімен құттықтап, ұстаздардың еңбектерін бағалап, құрмет грамотасы және алғыс хаттармен марапаттады. Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.М. Мураталиева ұстаздарды кәсіби төл мерекесімен құттықтап, мерекелік сыйлықтарын тарту етті. Жауапты. №2 жалпы кәсіптік пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушылары және бастауыш кәсіподақ ұйымының қолдауымен.



7 | КЕЗДЕСУ

25.09.2023ж. Колледжде 7 қыркүйек - «Еңбек күні» мерекесіне орай тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, «Менің жетістігім-менің нәтижем» тақырыбында колледжінің физика пәнінің оқытушысы Р.К.Турсынбаева кездесу өтті. Кездесу мақсаты: Кәсіби өсудің табысты оқиғаларымен таныстыру. Кездесу соңында колледж директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Куанышбекова құттықтап, колледжіміздің Бастауыш кәсіподақ ұйымының атынан естелік сыйлықтар табыс етті.



8 | "ОҚУ МЕН ТӘРБИЕ ЕГІЗ" АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

22.09.2023 ж. Колледжде «Оқу мен тәрбие-егіз» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыстың мақсаты: бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орны, отбасы мүшелерінің арасындағы сыйластық қарым-қатынастарын дамыту, білім мекемесі мен ата-аналар арасындағы үйлесімділік пен жауапкершілікті күшейту. Жиналыста қаралған мәселелер: 1. Колледждің оқу-тәрбие жұмысы туралы. 2. Колледжде атқарылып жатқан құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстары туралы. 3. Өр түрлі мәселелер. Жиналысты колледж директоры Ж.Сарыбекова ашып, колледж тарихы мен материалдық-техникалық базасымен таныстырды. Ата-аналарға оқу процесі мен тәжірибелік дағдылар бойынша директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Куанышбекова және директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Қ.Т.Андакулова мәлімет берсе, жиналыс қонақтары: Тараз қаласы ПБ 1-ПБ ЖПҚБ ЮПБ аға УПИ полиция майоры Б.Т.Зәбір және полиция капитаны Н.А.Узенбаева Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы және Қылмыстық Кодекспен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



9 | ҚАЛАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

28.10.2023ж.Колледжде Тараз қаласы туралы студенттердің білімдерін өзектендіру мен жетістіктерін насихаттау, студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына тарту мақсатында «Тараз қаласы: өткені мен бүгіні» атты қалалық ғылыми – тәжірибелік конференция өтті. Колледждің ұйымдастыруымен қалалық ғылыми –тәжірибелік конференцияға Тараз қаласының колледждері мен М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік Университетінен жалпы 35 өтініш пен баяндама қабылданды, оның ішінен конференцияның ақпараттық сессиясында 13 баяндама оқылды. Баяндамалар бағалау шарттары бойынша қабылданды: өзектілігі мен жаңашылдығы, материалды ұсыну нысаны; мақалалардың ғылыми стилі, мазмұны мен тәжірибелік маңыздылығы, рәсімделуі мен дереккөздердің қолданылуы. Баяндама регламенті – 5 минут. Конференция екі тілде өтті: қазақша, орысша. Жауапты : №1 әлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдік әдістемелік комиссиясының төрайымы Жантохова Г.Н. және ЦӘК оқытушылары.

